



«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.1 из 12
Корпоративтік әдеп және мінез-құлық КОДЕКСІ		Корпоративный КОДЕКС этики и поведения	



**«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты»
 коммерциялық емес акционерлік қоғамының
 корпоративтік әдеп және мінез-құлық
 КОДЕКСІ**

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.2 из 12
Корпоративтік әдеп және мінез-құлық КОДЕКСІ		Корпоративный КОДЕКС этики и поведения	

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік әдеп және мінез - құлық кодексі (бұдан әрі – Кодекс) іскерлік мінез-құлық пен корпоративтік басқарудың танылған стандарттарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, қоғамның ішкі құжаттарына, оның ішінде корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленді.

Кодекс Қоғамның және оның қызметкерлерінің іскерлік мінез-құлқының маңызды ережелерінің, корпоратившілік қатынастардың этикалық нормаларының, әр қызметкердің әлеуметтік жауапкершілігінің жиынтығы болып табылады.

Кодекс корпоративтік құндылықтарды айқындауға арналған, олардың орындалуы Қоғамның және оның қызметкерлерінің іскерлік мінез-құлқын айқындайтын және Қоғамның беделін, оның бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін қалыптастыратын негізгі әдеп қағидаттарына адалдығын көрсетеді.

2. Кодекс мыналарға бағытталған:

1) стратегиялық маңызды шешімдерді қабылдау кезінде де, күнделікті жағдайларда да Қоғам қызметкерлері өз қызметінде басшылыққа алатын іскерлік әдеп пен мінез-құлықтың түйінді құндылықтарын, қағидаттарын, қағидалары мен нормаларын бекіту;

2) жоғары әдеп стандарттарына негізделген бірыңғай корпоративтік мәдениетті дамыту, ұжымда сенім, өзара құрмет пен өнегелілікті сақтау;

3) атқаратын лауазымына қарамастан Қоғамда барлық қызметкерлер қабылдаған іскерлік әдеп нормаларын біркелкі түсіну және орындау;

4) жұртшылық тарапынан Қоғамға деген сенімді арттыру мен сақтау және беделін нығайту.

3. Қоғам басшылары осы Кодекс талаптарының орындалуын және осы Кодекстің мәтінін Қоғам ғимаратында жалпыға бірдей көруге болатын орындарда орналастыруды қамтамасыз етеді.

4. Кодекстің ережелері атқаратын лауазымына қарамастан Қоғам қызметкерлеріне қолданылады. Қоғам жұмыскері Қоғамға жұмысқа қабылданғаннан кейін үш күн мерзімде осы Кодекстің мәтінімен жазбаша түрде танысуға тиіс.

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.3 из 12
Корпоративтік әдеп және мінез-құлық КОДЕКСІ		Корпоративный КОДЕКС этики и поведения	

2. Корпоративтік әдептің құндылықтары және қағидаттары

5. Қоғамның қызметі қалыптасатын негізгі корпоративтік құндылықтар оның жұмыскерлерінің өнегелілігі, сенімділігі мен кәсібилігі, олардың жұмысының тиімділігі, бір-біріне және қызмет алушыларға деген құрмет болып табылады.

6. Қоғам корпоративтік ӘДЕПТІҢ келесі қағидаттарын басшылыққа алады:

- 1) заңдылық;
- 2) жауапкершілік;
- 3) құпиялылық;
- 4) құзыреттілік және кәсібилік;
- 5) қызметтерді алушылардың сенімін сақтау және нығайту;
- 6) ашықтық;
- 7) құрмет;
- 8) отаншылдық.

Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтайды, Қоғамның Жалғыз акционерінің, Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғамның қызметіне қатысты өзге де ішкі құқықтық құжаттардың шешімдерін орындайды.

Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының, шарттық қатынастардың талаптарымен белгіленген және қабылданған міндеттемелер бойынша жауапкершілікті мойнына алады. Қоғам мемлекет пен азаматтық қоғам алдындағы өзінің әлеуметтік жауапкершілігін түсінеді.

Қоғам қызметтік ақпарат пен дербес деректердің сақталуын қамтамасыз етеді, оларды заңнамаға және Қоғамның ішкі құқықтық құжаттарына сәйкес қорғау жөнінде шаралар қабылдайды.

Қоғам өз қызметін адалдық, әділдік, өнегелілік негізінде жүзеге асыра отырып, іскерлік айналымның әдептілік қағидаттары мен әдет-ғұрыптарын сақтай отырып, өз мойнына алған міндеттемелерді адал және ақылмен орындайды және көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз етеді. Қоғам мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасай отырып, іскерлік беделді нығайтуға ұмтылады.

Қоғам қызметтің жетістіктері мен нәтижелеріндегі ақпараттың барынша ашықтығы мен сенімділігіне ұмтылады.

Ақпаратты ашу (Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қорғалуға жататын мәліметтерді қамтитын ақпаратты қоспағанда)

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.4 из 12
Корпоративтік әдеп және мінез-құлық КОДЕКСІ		Корпоративный КОДЕКС этики и поведения	

Қоғамның жағымды имиджін және оң іскерлік беделін құруды қамтамасыз етуге арналған.

Қоғам кездесулерге, талқылауларға және диалогқа ашық, өзара мүдделерді есепке алуға, Қоғам мен мүдделі тұлғалардың мүдделері арасындағы құқықтар мен теңгерімді сақтауға негізделген мүдделі тұлғалармен ұзақ мерзімді ынтымақтастықты құруға ұмтылады.

Қоғам қызметі акционерлер мен әріптестерді істердің жай-күйі туралы адал, уақтылы хабардар етуге, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік пен есепке алу сапасын жақсарту негізінде ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Сонымен бірге Қоғам коммерциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат пен мәліметтердің жария етілмеуін қадағалайды.

7. Қоғам жұмыскерлері барлық қажетті біліктілік талаптарына сай болуы, өз құзыретінің деңгейін арттыруға, салмақты және жауапты шешімдер қабылдау қабілетіне ие болуға, сондай-ақ өздерінің кәсіби және жеке қасиеттерін өсіруге және мен дамытуға бағыттауы тиіс.

Қоғам қажетті еңбек жағдайларын қамтамасыз ете отырып, жеке және кәсіби даму үшін мүмкіндіктер бере отырып, өз жұмыскерлерінің кәсібилігін арттыруға ұмтылады.

Қоғам меритократия, әділдік және объективтілік қағидаттарын қолдайды және жұмыскерлердің қоғам қызметіне қосқан үлесін жоғары бағалайды. Қоғамның жұмыскерлері тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітудің өзіне әділ қарауға құқылы.

Қоғамға мемлекет тарапынан жүктелген жоғары сенім және оның әлеуметтік жауапкершілігі отаншылдық сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қоғамда нақты құрылған жұмыс қатынастары бар. Әр жұмыскер өзінің жұмыс учаскесіне жауап береді және жалпы нәтиже оны қалай орындайтынына байланысты. Барлық жұмыскерлер бір-біріне тығыз байланысты, сондықтан бір адамның дағдыларындағы кемшіліктердің орнын жалпы командалық дағдылармен және күш-жігермен толықтыруға болады. Қоғам жұмыскерлері өз жұмыстарын ынтымақтастық, өзара көмек, өзара алмастырушылық және жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін қолдау қағидаттарына негіздейді.

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.5 из 12
Корпоративтік әдеп және мінез-құлық КОДЕКСІ		Корпоративный КОДЕКС этики и поведения	

3. Корпоративтік әдеп

8. Қоғам үшін басымдықтардың бірі Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құқықтық құжаттарын қатаң сақтау болып табылады.

Құқық бұзушылық жасаған жұмыскер белгіленген тәртіппен жауапқа тартылуға жатады.

Атқарушы орган мүшелері тарапынан кодексті бұзу жағдайлары атқарушы органның басшыларына, Қоғамның Директорлар кеңесінің назарына жеткізілуге тиіс.

9. Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде Қоғам өз жұмысы туралы ақпараттың ашықтығы қағидатын ұстанады, мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен тұрақты, сындарлы қарым-қатынастарды құруға және қолдауға ұмтылады.

10. Қоғам басшылығы белгіленген тәртіппен оның қызметіне қатысты мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарына ұсынады.

Белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарына мәлімет ұсынатын Қоғам жұмыскерлері олардың дұрыстығына және оларда қызметтік және коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің, сондай-ақ жасырын сипаттағы мәліметтердің болмауына дербес жауапты болады.

Әрбір қызметкер өзінің Қоғам жұмыскері ретінде айтқан кез келген пікірі немесе таратқан ақпараты Қоғамның өзімен, оның имиджімен тікелей байланысты екенін және оның беделіне әсер ететінін түсінуі және әрқашан есте ұстауы керек.

4. Қоғам жұмыскерлері мінез-құлықтарының жалпы ережелері

11. Қоғам жұмыскерлері тиіс:

1) заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, қолданыстағы заңнамасының, қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын басшылыққа алуға;

2) Қоғамның меншігінің сақталуын қамтамасыз етуге, автокөлік құралдарын қоса алғанда, сеніп тапсырылған мүлікті ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта пайдалануға;

3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, өтініштерді қарау

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.6 из 12
Корпоративтік әдеп және мінез-құлық КОДЕКСІ		Корпоративный КОДЕКС этики и поведения	

кезінде бюрократия мен әуре-сарсаң көріністеріне жол бермеуге, өтініштер бойынша белгіленген мерзімдерде қажетті шаралар қолдануға;

4) өз іс-әрекеттерімен жұртшылық тарапынан сынға түсуге себеп бермеуге, сын үшін қудалауға жол бермеуге, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалануға;

5) бөтен адамдармен, сондай-ақ әріптестермен қарым-қатынаста сыпайылық пен құрмет көрсетуге, жалпыға бірдей әдеп нормаларын сақтауға, қызметтік міндеттерін атқару кезінде телефон арқылы келіссөздер жүргізу мәдениетін ұстануға;

6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қараудың үлгісі болуға;

7) мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

8) тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне қарамастан әріптестерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

9) еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтауға, өзінің лауазымдық міндеттерін адал, бейтарап және сапалы орындауға, жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға;

10) қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға, қойылған міндеттерді шешудің оңтайлы және үнемді тәсілдерін қолдануға;

11) жұмыскерлердің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауына кедергі келтіретін әрекеттерге қарсы тұруға.


12. Басшылық пен бағынысты жұмыскерлер арасында сындарлы кәсіби қарым-қатынас орнату қоғамның күнделікті тиімді жұмысы және оның болашақтағы дамуы үшін қажет.

Басшыларға іскерлік әдептің келесі нормалары мен ережелерін сақтау ұсынылады:

1) кадрларды туыстық, жерлестік және жеке берілгендік белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу;

2) бағынысты жұмыскерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін дәл айқындауға, анық орындалмайтын өкімдер бермеуге, бағынысты жұмыскерлерден олардың лауазымдық міндеттерінен тыс тапсырмаларды орындауды талап етпеу;

3) бағынысты жұмыскерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамның қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік фактілеріне жол бермеу;

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.7 из 12
Корпоративтік әдеп және мінез-құлық КОДЕКСІ		Корпоративный КОДЕКС этики и поведения	

4) бағынысты жұмыскерлерді жалпыға бірдей қабылданған моральдік-этикалық нормаларға сәйкес келмейтін іс-әрекеттерді немесе құқыққа қайшы теріс қылықтарды жасауға мәжбүрлемеу;

5) кәсіптік даярлықтың қажетті деңгейіне ие болу, оның ішінде орындалуы бағынысты жұмыскерлердің функционалдық міндеттеріне жатқызылған мәселелер бойынша да;

6) ұжымда іскерлік өзара қарым-қатынастар мен сындарлы ынтымақтастықты орнатуға және нығайтуға ықпал ету, жұмыскерлердің корпоративтік әдеп нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеу және жолын кесу, бейпіл сөйлемеу, ұстамсыздық пен агрессия көрсетпеуге, дұрыс емес мінез-құлыққа жол бермеу, әріптестеріне көмектесу, олармен білімі мен тәжірибесімен бөлісу;

7) басқа жұмыскерлерге қатысты өз әрекеттерімен немесе сөздерімен қудалауға, қорқытуға не қорлауға жол бермеу;

8) жұмыс орнында және Қоғам аумағында алкогольдік ішімдіктер мен темекі өнімдерін пайдалануға жол бермеу;

9) жұмыскерлерді басқа жұмыскерлердің көзінше сынамау, бағынысты жұмыскерлердің ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтірмеу;

10) қолданыстағы заңнамамен көзделген өзге де талаптарды сақтау.

13. Төмен лауазымдары бар Қоғам жұмыскерлері тиіс:

1) басшылардың тапсырмаларын орындау кезінде тек объективті және шынайы мәліметтерді ұсынуға;

2) өзіне белгілі болған корпоративтік әдеп нормаларын бұзу жағдайлары және қоғам қызметкерлерінің беделін түсіретін тәртіптік теріс қылықтар туралы басшылықтың назарына дереу жеткізуге;

3) Қоғам басшыларының заңды тапсырмаларын орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге;

4) Қоғам басшылығына қатысты жеке адалдық, олардың лауазымдық мүмкіндіктері есебінен пайда мен артықшылықтар алуға ұмтылу көріністеріне жол бермеуге.

14. Жұмыскерлер корпоративтік этика мен ресми мінез-құлық ережелерін сақтауға тиіс.

15. Жұмыскерлер қызметтік жағдайын және онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүддесі үшін, оның ішінде оларға деген көзқарасын насихаттау үшін пайдаланбауға тиіс.

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.8 из 12
Корпоративтік әдеп және мінез-құлық КОДЕКСІ		Корпоративный КОДЕКС этики и поведения	

16. Қоғамның басшылық лауазымдарын атқаратын жұмыскерлер бағынысты жұмыскерлерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлей алмайды.

5. Корпоративтік мәдениет

17. Қоғамның корпоративтік мәдениеті – қалыптасатын және ынталандырылатын жоспарланған және ұйымдастырылған үдеріс. Корпоративтік мәдениетті нығайту Қоғам жұмыскерлерінің қоғамдастық сезімін, Қоғамға қатыстылығын, жұмыстағы адалдық пен сенімділікті тәрбиелеуге бағытталған іс-шаралар мен корпоративтік құндылықтарды белгілеу арқылы жүзеге асырылады.

Корпоративтік мәдениетті қалыптастыру және оны Қоғам жұмыскерлерінің сақтауы мынадай қағидаттарға негізделеді:


- 1) жұмыскерлердің пікіріне зерттеу жүргізу;
- 2) жұмыскерлердің басшылықпен және Қоғамды басқару органдарының мүшелерімен үнемі кездесуі;
- 3) Қоғам жұмыскерінің мінез-құлқын реттейтін корпоративтік құндылықтар мен әлеуметтік нормаларды қалыптастыру және насихаттау;
- 4) Қоғам ұжымында командалық жұмысты, қолайлы және шығармашылық атмосфераны күшейтетін ұйымдастырушылық іс-шараларды жүргізу;
- 5) Қоғам ішінде де, одан тыс жерлерде де еңбек ұжымындағы оң әлеуметтік - психологиялық ахуалға ықпал ететін оң имидж құруға бағыттау.

18. Корпоративтік мәдениет тиімділігінің негізгі көрсеткіші жұмыскерлердің Қоғамдағы моральдік-психологиялық ахуалға қанағаттануы болып табылады.

19. Қоғам жұмыскерлері өз лауазымдық міндеттерін атқару кезеңінде киім, аяқ киім және шаш үлгісін таңдауда іскерлік стильді ұстануы керек.

20. Қоғамның жұмыскерлері өздерінің жеке басын растау үшін, оның ішінде Халыққа қызмет көрсету кезінде міндетті түрде тегі, аты, қалауы бойынша әкесінің аты, сондай-ақ атқаратын лауазымы көрсетілген фотосуреті бар бейдж тағады.

21. Жұмыскерлер келіссөздер кезінде, оның ішінде телефонмен сөйлесу кезінде мінез-құлық мәдениетінің ережелерін сақтауы керек. Іскерлік келіссөздер байсалды, сыпайы түрде жүргізілуі тиіс. Жұмыскерлердің

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.9 из 12
Корпоративтік әдеп және мінез-құлық КОДЕКСІ		Корпоративный КОДЕКС этики и поведения	

келіссөздер, соның ішінде телефон арқылы сөйлесу ептілігі жалпы Қоғам туралы жағымды әсер құруға ықпал етеді.

22. Кенестер жүргізген кезде ұялы телефондарды сөндіру немесе дыбыссыз режимге қою қажет.

6. Қоғам жұмыскерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқы

23. Қызметкерлер сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға не сыбайлас жемқорлықпен ұштасатын немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеуге тиіс. Жұмыскерлер Қоғамның басқа жұмыскерлері тарапынан болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің жолын кесуге тиіс.

24. Егер Қоғам жұмыскерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы шынайы ақпараты болса, ол мұндай құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша қажетті шараларды қабылдауы тиіс.

Қажетті шараларға тікелей басшысын және/немесе Қоғам басшылығын хабардар ету жатады.

Сыбайлас жемқорлық немесе өзге де құқық бұзушылық туралы ақпарат алғаннан кейін Қоғам басшылығы олар бойынша, оның ішінде, егер оның әрекеттерінде заңнаманы бұзушылықтар болмаса, Қоғам жұмыскерінің әрі қарай қызметіне, оның құқықтары мен заңды мүдделеріне теріс әсер ететін заңсыз қудалаудан қорғау жөнінде тиісті шараларды қабылдайды.

25. Қоғам жұмыскерлері өздерінің іс-әрекеттерімен және шешімдерімен жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әкімшілік және өзге де кедергілерге жол бермеуі тиіс. Мұндай фактілер анықталған жағдайда, жұмыскерлер оларды жою бойынша шаралар қабылдауы керек.

26. Олардың кәсіптік, қызметтік қажеттіліктерінеке, сондай-ақ еңбек қатынастарына байланысты қолжетімділігі шектеулі дербес деректер белгілі болған қоғам қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әрекет етуі тиіс.

27. Қоғам жұмыскерлері Қоғамға тиетін қандай да бір залалдың алдын алу бойынша барлық мүмкіндіктерді пайдалануы, іс-шаралардың жеке мүдделері мен үшінші тұлғалардың мүдделеріне бастамашылық жасауына жол бермеуі тиіс.

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	
Корпоративтік әдеп және мінез-құлық КОДЕКСІ		Корпоративный КОДЕКС этики и поведения	Стр.10 из 12

28. Қоғамның жұмыскерлері өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін пайдаланбауға тиіс.

29. Қоғам жұмыскерлері мүдделер қақтығысын болдырмау үшін шаралар қабылдауы керек.

30. Мүдделер қақтығысы туындаған кезде, яғни Қоғам жұмыскерінің жеке мүдделілігі мен оның өзінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындауы немесе жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделері арасында осы заңды мүдделерге зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін қайшылық туындаған жағдайда, жұмыскер оны болғызбау және Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес реттеу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

7. Корпоративтік әдеп және мінез-құлық нормалары

31. Қоғамның басшылығы мен жұмыскерлері мүдделер қақтығысын болдырмай, Қоғам мен жалғыз акционердің мүддесі үшін кәсіби функцияларды адал және ақылмен орындау міндеттерін өз мойнына алады.


32. Қоғам, Жалғыз акционер және директорлар Кеңесі арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Жарғыға және Қоғамның өзге де ішкі құқықтық құжаттарына сәйкес қағидаттарға негізделген. Қоғам Жалғыз акционермен және Директорлар кеңесімен қарым-қатынасына қатысты нақты рәсімдерді белгілейді.

33. Қоғам жеке және заңды тұлғалардың жүгінулерін уақтылы және толық карауға кепілдік береді.

34. Қоғам басшылығы стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін корпоративтік әдептің негізін қалаушы құндылықтары мен қағидаттарын ескере отырып шешімдер қабылдайды және Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес алдына қойылған міндеттерді іске асыру үшін жауапты болады.

35. Қоғамның басшылығы мен жұмыскерлері өз жұмысына деген көзқарасымен және мінез-құлқымен ұжымда тұрақты және жағымды жағдай, салауатты моральдік-психологиялық атмосфера құруға ықпал етуі тиіс.

36. Басшылық, сондай-ақ Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары осы Кодекстің талаптарына сәйкес келетін басқару шешімдерін

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.11 из 12
Корпоративтік әдеп және мінез-құлық КОДЕКСІ		Корпоративный КОДЕКС этики и поведения	

қабылдауы тиіс, осы Кодекстің ережелеріне адалдығын жеке үлгісімен көрсетуге, консультациялар мен тәлімгерлікке уақыт бөлуге ұмтылуға тиіс.

37. Қоғам басшылары жұмыскерлерге корпоративтік әдеп нормалары мен ережелерін жақсы меңгерудің үлгісін көрсетуі, бағыныштылар алдында өз қателіктерін мойындай білуі және өз атына сындарлы сын айтқаны үшін оларды қудаламауы тиіс.

8. Көпшілік алдында сөйлеу

38. Қоғам қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді Қоғам президенті және/немесе осыған уәкілеттік берілген лауазымды тұлғалар жүзеге асырады.

39. Қоғам жұмыскерлері пікірталастарды Қоғамның беделіне нұқсан келтірмейтін түрде дұрыс жүргізуі керек.

40. Қоғам жұмыскерлері оның қызметі мәселелері бойынша өз пікірін ашық білдірмеуі керек, егер ол:

- 1) Қоғам қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес болмаса;
- 2) жариялауға рұқсат етілмеген ақпаратты ашатын болса;
- 3) Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне қатысты әдепсіз сөздер айтса.

41. Жұмыскерлердің қоғам атынан оның қызметіне байланысты емес мәселелер бойынша жарияланымдарына жол берілмейді. Педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызмет бойынша материалдарды жариялауды Қоғам жұмыскері жеке тұлға ретінде өз атынан ғана жүзеге асыра алады.

42. Қоғам жұмыскерлеріне сыбайлас жемқорлық, кірістер мен мүлікті заңсыз алып қою үшін негізсіз жария айып тағылған кезде ол мұндай айыптау анықталған күннен бастап оны теріске шығару жөнінде, оның ішінде сот тәртібімен шаралар қолдануға құқылы.

9. Қорытынды

43. Осы Кодекстің нормаларын сақтау Қоғамның барлық жұмыскерлері үшін міндетті болып табылады. Осы Кодекске сәйкес әдеп нормаларын бұзудың барлық фактілері Қазақстан Республикасы заңнамасының

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.12 из 12
Корпоративтік әдеп және мінез-құлық КОДЕКСІ		Корпоративный КОДЕКС этики и поведения	

қолданыстағы нормаларына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес каралуға тиіс.

43. Қоғам жұмыскерінің осы Кодекстің ережелерін білмеуі оны Қоғам бекіткен корпоративтік нормалар мен мінез-құлық ережелерін орындау және оларды бұзған жағдайларда жауаптылықта болу міндетінен босатпайды.